

ӨОЖ 371.3

ГТАМР 14.25.05

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.037>

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ӘРЕКЕТІНДЕ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Курсабаев М.К.¹, Сайдахметов Б.С.², Сержанұлы Б.³

*^{1,2,3} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Соңғы жылдары жаһандық (глобалдық) климаттық жылыну салдарынан пайда бола бастаған табиғи катаклизмдердің алдын алуға бағытталған айтулы шаралардың біріне табиғаты қорғау және қоршаған ортаға зиян келтірмейтін «Green Technology» жетістіктеріне негізделген тәрбие жұмыстарын жүргізу - мектептегі оқу-тәжірибелік алаңдарда шағын шаруашылық нысандарын (гүлзарлар, жылыжайлар, органикалық қалдықтарды өңдеу, Micro Green және vermicompost технологиялары, көшеттер отырғызу, биогумус өнімдері) ашудың жас ұрпақтың ерте жастан қаржылық сауаттылық ілкімділігінің артуына ұйытқы болатыны аталмыш мақалада көрініс тапқан. Жас ұрпақты мектеп табалдырығынан бастап табиғат пен жер ресурстарын қорғау барысында рационалды пайдалануға баулудың көзі мен алға қойған мақсатқа жетудің жолы – баланың алдын ала жоспарланған, ғаламдық цифрлық трансформация мен Artificial Intelligence жағдайындағы білім жүйесіндегі озық жаңалықтар негізінде қаржы сауаттылығын үйрену өнеріне тартудағы жалпы орта білім беретін мекемелердегі тәрбие жұмыстарының ерекшеліктерін белгілеу зерттеу жұмысының басты мәселесі болып табылады.

Елімізде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға арналған мемлекеттік және авторлық бағдарламаларды игіліктенуде заманауи мектеп оқушыларының жаратылыстану және басқа бағыттар бойынша алған білімдерін оқу-тәрбие, балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымдары, өзін-өзі басқару мен лидерлік әлеуметтік топтар, инклюзивті білім беру ресурстары, ана-аналар қоғамы, кәсіпкерлер қауымдастығы, қаржы-инвестициялық мекемелер, сондай-ақ білім мекемелері жанындағы оқу-тәжірибелік алаңдарда барынша қолдана білуде, олардың қаржы сауаттылығы туралы қосымша білім алуына мүмкіндіктер туғызу, көтеріліп отырған тақырыптың маңызды бір өзегі екенін байқатады. Демек, мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын арттыруда, оларды қоршаған ортаны қорғау мен сақтау шараларына қатыстыра отырып, тәрбие жұмыстарын жүйелі жоспарлау көздеген мақсатқа жетудің педагогикалық шешімі болмақ.

Тірек сөздер: тәрбие технологиялары, оқушылардың қаржы сауаттылығы, жасыл экономика, органикалық қалдықтар, кәсіпкерлік қауымдастықтар, экологиялық тәрбие, оқу-тәжірибелік алаңдар, агробиологиялық парк, гарбология

Кіріспе

Қазақстан мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмыстары үрдісінде оқушыларды ерте жастан табиғатты қорғау жұмыстарына тарту, баулу, қызықтыру бағыты бойынша алған теориялық білімдерін практикалық сипатта кешенді түрде жүзеге асыруда көптеген педагогикалық тәжірибелер бар. Әсіресе, аталған бағыттағы міндеттерді шынайы тұрғыда іске асыруда тәрбие жұмыстарының (экологиялық тәрбие, еңбек тәрбиесі, экономикалық тәрбие т.б) педагогикалық маңызы зор. Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарын жаңа серпін беруге арналған мемлекеттік және авторлық бағдарламаларды жергілікті жердің климаттық және маусымдық жағдайларына икемдей отырып жоспарлаудың мүмкіндігі жеткілікті.

Біріккен Араб Әмірлігінде 2023 жылы өткен COP28 конференциясында жаһандық климаттық жылыну зардаптары уақыт өткен сайын Жер шарындағы маусымдық және жылдық табиғат балансының ауытқуына зиянын тигізе бастағаны ғалымдар мен сарапшылар тарапынан баса айтылды [11]. UNESCO және Еуропалық Одақ тарапынан, бірлескен климаттың жылыну зардаптарының алдын алуға арналған балаларға арналған арнайы оқу құралының дайындалып жатқаны белгілі болды. Әлемдік деңгейдегі академиялық қоғамдастық өкілдері де қарқынды белең ала бастаған ғаламдық жылырудың алдын алуға бағытталған озық технологиялардың қажеттігін, атап айтқанда жасыл экономиканың дамуына даңғыл жол ашатын тереңдетілген декарбонизациялау (Deep decarbonization) бағытындағы стратегиясын қолға алу және климаттық жылыну туралы білім (Climate Change education) бағдарламасын балабақша, мектеп, колледж, университеттегі оқу-тәрбие жұмыстарына ендіру жөнінде ұсыныстар айтуда [12].

Аталмыш тақырыпқа қатысты ғылыми тезистерде біздер әр жас ұрпақ өкілінің жүйелі ойластырылған тәрбие жұмыстарына белсене араласып, табиғатты қорғау мен сақтауда жеке үлесін қосуда ғаламдық климаттық жылыну зардаптарының алдын алу үшін білім мекемелері жанынан, жасыл технологияға негізделген, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін қысқы бау-бақша, жылыжайлар, гидропоника, көшет отырғызу, гүлзарлар мен оранжереялар, вермикомпост, Micro Green, биогумус өндіретін оқу-тәжірибелік алаңдар ашудың елімізде ұлттық мамандар дайындауда маңызды стратегиялық орны бар бастама екені, сондай-ақ органикалық қалдықтарды өңдеу ісіне, тұрмыс қалдықтарынан (пластмасса, биологиялықемес тұрмыс қалдықтары, гарбология т.б) мектеп және басқа білім мекемелеріндегі жас ұрпақ өкілдерін қоғамға пайдалы еңбек етуге, мұғалімдер мен ата-аналар көмегімен экологиялық таза өнім өндіру туралы ақпараттарды білуге, жалпы жасыл өнімдер технологиясы туралы отандық және шет елдік кәсіпорындар жетістіктер туралы жалпылама шолу жасалды [14].

Бүгінгі таңда, мемлекет және азаматтық қоғамдастық, академиялық қауымдастық тарапынан орта білім беру жүйесіндегі ғылыми-зерттеу, инновациялық-әдістемелік, материалды-техникалық, электрондық-

цифрлық, креативті-коллаборациялық инфрақұрылымдардың бірқатар сапалық деңгейге көтерілуіне ықпалдарының арта түсуіне байланысты мектеп оқушыларының ерте жастан қоршаған ортаны қорғау шараларына ат салысуы барысында қоғамға пайдалы еңбек етуге, жасыл энергия мен технология жетістіктеріне айрықша мән бере отырып, эффективті нәтижелерге қол жеткізуде қаржылық сауаттылықтарының артуына мүмкіндік беретін тәрбие жұмыстарына арналған айтулы ғылыми-әдістемелік бағдарламалар үлесінің төмен деңгейде қалуы – осы ұсынылып отырған мақаламыздың тақырыбы мен өзектілігін айқындады. Сол себепті, зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен міндеттерінің басты шарттарына жас ұрпақ өкілдерінің табиғатты қорғау шараларына белсенді қатысуы барысында қаржылық сауаттылықтарының артуына оң ықпал ететін тәрбие жұмыстары ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Мектеп оқушыларының қаржы сауаттылығын арттыру мектептегі тәрбие жұмыстары арқылы табиғатты қорғау шараларына ат салысуы арқылы арттыру мәселелеріне назар аудару барысында, көтерілген тақырыпқа сай отандық және шет елдік ғалымдар мен эксперттердің еңбектеріне аналитикалық талдау жасау, республика аймақтарында қолға алына бастаған теориялық, практикалық және басқа озық заманауи технологияларды жете білу арқылы, оқушылардың жасыл технологияға негізделген өнімдер өндіруге деген құлшыныстарын ғылыми-педагогикалық тұрғыда диагностикалау жөнінде бірсыпыра ғылыми-ақпараттық мағлұматтарға шолу жасалып, нақты тұжырым жасау тұстары зерделенді.

Талқылау мен нәтижелер

Қол жеткізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарына жасаған талдауымыз жалпы білім беру мекемелеріндегі оқушылар мен студенттердің қаржылық сауаттылығын дамытуға арналған еңбектердің күні бүгінге дейін қоғамның өзекті мәселерінің бірі екенін айғақтап отыр. Зерттеуші ғалым Brau J. С еңбегінде колледж студенттеріне қолданбалы әдістеме тұрғысынан ерте жастан бастап жүйелі қаржы сауаттылығы мүмкіндіктері бойынша арнайы жұмыстардың жүргізілуі, болашақ мамандардың өздері таңдаған сала бойынша сапалы мағлұматтар алуына даңғыл жол ашады деп санайды [1]. Ғалым Amagir A балалар мен жасөспірімдер қарым-қатынасында, заманауи талаптарға сай жалпы білім беретін мектеп базаларында қаржы сауаттылығына қатысты арнайы оқу-тәрбие бағдарламаларының болуы, жас ұрпақтың болашақ мамандық иесі болуға оң ықпал ететін комфортты педагогикалық-психологиялық атмосфераның қалыптасуына ықпал ететіні болжанады [2]. Williams P ойынша, білім мекемелері жанынан оқушылар қолымен жасалған бау-бақша кешендерінің болуы, оқу-тәрбие бағдарламалары арқылы дуалды оқыту, қосымша білім беру, факультатив немесе агротехникалық бағыттағы өнеркәсіп орындары мен оқыту орталықтары мамандары қатысуымен қатар жүргізілген жағдайда,

оқушылардың қаржы сауаттылық деңгейлері жас ерекшеліктер бойынша дифференциалды тұрғыда дамып, алға қойған мақсатты сапалы орындалуна түрткі болатыны жеткілікті дәрежеде сипатталғаны абзал делінген [4].

Зерттеуші Еркішева З студенттер мен оқушылардың ақпараттық технология құралдарын меңгеруі мен одан азды-көпті нәтиже шығара білуі қаржы сауаттылығына қатысты білім алу мәселелерін шешуде бірқатар жеңілдіктерге қол жеткізетіні, демек, алған білімдерді қоғамдық өмірде тиімді қолдана алауына мұрындық болады деп топшылайды [8]. Ресейлік ғалым Колесова О. В мектеп табалдырығында оқушыларға экономикалық білім берудің басты шарты алдын-ала мазмұнды жоспарланған профориентациялық жұмыстар бойынша іске асырылу тиімді екенін атап өтеді. Автордың ойынша, мектептегі балалар мен жастар коммуникациясында қаржы сауаттылығына қатысты түрлі жағдайлардың (онлайн төлем, транспорт және азық-түлік сервисі) орын алуы бала өміріндегі алғашқы қаржы сауаттылығының көрнісі екені расталады [13].

Мұқұшев Б.А жетекшілігімен орындалған зерттеулерде жас ұрпаққа, атап айтқанда мектеп пен жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндердегі ерекше назар аударылатын басты проблема, кез келген қоғамдық, шаруашылық, мәдени-әлеуметтік, педагогикалық-психологиялық, экологиялық-шығармашылық жаңдайлармен санаса отырып, ондағы негізгі міндеттерге жастардың қаржылық сауаттылығын дамытуға бағытталған теориялық және практикалық басымдылықтардың орын алуы ғалымдар мен жауапты адамдар назарынан тыс қалмауы кең тұрғыда сипатталады [9].

Бүгінде Қазақстанда және одан тысқары жерлерде органикалық қалдықтарды өңдеуге арналған игі шаралар қолға алынып, мемлекет тарапынан қолдау тауып отыр. Еліміздің бірқатар аймақтарында биогумус өндірісін дамытуға арналған, мемлекеттік лицензия ретінде әрекет ететін арнайы білім жетілдіру және дуалды оқыту технологиясы негізінде жұмыс жүргізетін оқу орталықтары ашылды. Оған дәлел ретінде Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы берген арнайы лицензиясы негізінде әрекет ететін «Kaz AGO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі оқу орталығының мектеп оқушыларының қатысуымен оқу-өндірістік дәріс беру курстарын қолға алуы қуантарлық жағдай.

Жаңа қоғамдағы оң өзгерістер осы айтылған мәселелерді шешуде бірқатар мүмкіндіктер ашып отыр. Соңғы жылдардағы мектеп оқушыларының қоршаған ортаны қорғау шараларына белсене араласуына мұрындық болатын тәрбие жұмыстарын жоспарлауда білім мекемелері жанынан жасыл технологияға негізделген жылыжай, Micro Green, көшет отырғызу, органикалық қалдықтарды өңдеуге (вермикомпост, биогумус, шылаушын индустриясы) арналған оқу-тәжірибелік алаңдар, агробиологиялық парктер, оқу-өндірістік учаскелер, сондай-ақ гидропонника, микроөсімдіктер технологиясы, экологиялық клубтар, эковолонтерлер, оқушылардың туристік-өлкетану экспедициялары, өзен, тоған, орман, көл, жер асты сулары, теңіз, мұхит, рекреациялық ландшафттар, сакралды-киелі жерлер, тарихи-мәдени археологиялық кешендер, мектеп

жылыжайлары және басқа қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін ғылыми-әдістемелік, рухани-шығармашылық, креативті-технологиялық жұмыстар Қазақстан көлемінде жаңаша сипат алғаны байқалады. Осы айтылған ойға орай, ғаламдық масштабты қамтып отырған жаһандық климаттық жылыну себеп-салдарын оқып-зерттеуге арналған студенттер мен оқушылардың қоғамдық қауымдастығын құруды болашақта назарға алған дұрыс деп тұжырымдаймыз. Жоғарыда аталған маңызды ақпараттар мен соңғы жылдары отандық және шет елдік технологиялардың пайда болуы, бүгінгі мектеп пен басқа оқу орындарында жас ұрпақтың органикалық қалдықтарды өңдеу барысында еңбек ете отырып, ондағы атқарылған жұмыстардың оқу орны мен қоғамдық ортадағы пайдалы әрекеттері, сондай-ақ елімізде экологиялық таза өнім өндіру индустриясын дамыту туралы білу мен одан оң нәтиже шығару, қол жеткізілген табыстардың бала тәрбиесіне тигізетін педагогикалық маңызын анықтауда оқушылар мен студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыру мәселелері зерттеу жұмысымыздың басты бағытын көрсетеді.

Scopus базасындағы Rudd J.R және басқа зерттеушілер, мектеп оқушыларына қоғамға пайдалы еңбек етуге жас ұрпақты баулу – біріншіден, табиғатты қорғау шараларына қатыса отырып денсаулықтарының шыңдалуына мүмкіндік туғызса, екіншіден қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға оңтайлы жағдай туғызатыны баса айтылады [12].

Нуркенова Г.К және басқа ғалымдар мектеп оқушыларының кәсіби бағдарлау арқылы өзін-өзі анықтау барысында жас ұрпақтың мектеп табалдырығынан бастап кәсіпкерлік дағдысын қалыптасуында олардың тәрбие жұмыстары арқылы қаржылық сауаттылық ілкімділіктерін білуге деген қызығушылықтарының қалыптасатынына баға береді [11].

Материалдарды жинастыру барысында біздер оқушылардың қаржы сауаттылығы, жасыл экономика, органикалық қалдықтар, кәсіпкерлік қауымдастықтар, ерте жастағы экономикалық білім, оқу-тәжірибелік алаңдар, агробиологиялық парк және басқа зерттеу жұмысымызға тікелей қатысы бар негізгі атауларды жинастырдық. Осыған орай, алға қойған мақсатымызды халық игілігіне айналдыруда мектеп оқушыларының қаржы сауатталығын арттыруға бағытталған педагогикалық шараларды қолға алуды дұрыс міндет деп бағалаймыз. Мақалада орын алған бірқатар негізгі атаулардың әрқайсысы болмасын, қарастырып отырған зерттеу жұмысымыздың басты нысаны болып табылады. Болашақта осы айтылған атаулардың бір-бірімен тығыз байланысын ескере отырып, осы уақытқа дейін зерделеніп келген ғылыми жұмыстар негізінде одан ары жаңғырту мен толықтыру жұмыстары жүргізілетінін еске саламыз.

Біздің ойымызша, ең алдымен оқушылардың қаржы сауаттылығын арттыруда жас ұрпақты саналы тұрғыда бүгінде әлемді шарпыған климаттық жылыну құбылыстарына терең мән беріп, қажет жағдайда ғылыми-эксперименттік жұмыстар мен бақылау күнделіктерін (мысал ретінде ауа райын бақылау, қоршаған ортаның ластану коэффициентін анықтау,

климаттық-метеорологиялық статистика) жүргізуі дұрыс шешім деуімізге болады. Осындай жүйелі жоспар құру арқылы жас ұрпақтың жасыл технология немесе жасыл экономика туралы білім дағдылары қалыптасып, өз кезегінде біздер ұсынып отырған органикалық қалдықтарды өңдеу арқылы табиғатқа пайда келтіретін оқу-өндірістік алаңдарды ашуға және нәтижеге қол жеткізуге ұмтылуы мен жұмылуы ойдағыдай іске асырылады деп жорамалдаймыз.

Мемлекет және академиялық қауымдастық тұрғысынан білім мекемелеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарына ұсынылып отырған үкіметтік және авторлық бағдарламалар «Адал Азамат», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Қазақстан балалары», «Қазақстан халқы ассамблеясы», «Жас Ұлан», «Жас қыран», «Жас сарбаз», «Атамекен», «Жұлдыз», «Кәусар бұлақ» және басқа маңызды құжаттар жоғарыда көтеріп отырған мәселелерімізді эффективді шешуге мүмкіндік береді. Аталған бағдарламалар аясында республика көлемінде, әсіресе жас ұрпақтың туған жердің табиғатын терең оқып-тануға, киелі-сакральді жерлерге оқушылардың туристік-өлкетану жорықтарын ұйымдастыру, сондай-ақ, қоршаған ортаға зиянын келтірмейтін, тіршілік пен адам организмдеріне пайдасы зор жұмыстарды жас өскіндердің ерте жастан көріп-үйренуіне, адам еңбегін бағалау, ата кәсіпті игеру, экологиялық таза өнімдер туралы мол ақпарат ала отырып, оларды қоғам игіліктеріне айналуына үлес қосуда, білім алумен қатар еңбек етуге дағдылану сынды педагогикалық маңызы зор тәжірибелер жылдан-жылға молайып келеді.

Зерттеу жұмысын зерделеу барысында, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы Ораз Жандосов атындағы мектеп оқушылары мен ұстаздарының жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудегі «Есо Book» бағдарламасы аясындағы атқарылған тәлім-тәрбие жұмыстарына назар аудардық. Мектептің Іле Алатауы жотасының етегінде орналасуы, тұрғылықты жердің климаттық-географиялық, тарихи-мәдени, флоралық-фауналық және агроиндустриялық-экологиялық жағдайларының ерекшеліктерін аңғартады. Оқушылардың ата-аналар, әкімшілік, ауылшаруашылығы кәсіпорындары мен агробизнес қауымдастықтары қатысумен бау-бақша, мал шаруашылығы, бағбандық пен диханшылық кәсіпке бейім көптеген іс-шаралар мен науқандарға араласуы заңдылық деуге болады. Өз ретінде, мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжыммен ғылыми-әдістемелік қарым-қатынас орнату арқылы, алдымен біздер мекеменің жалпы атқарған жұмыстары мен жетістіктерін бағалай келе, өз тарапымыздан табиғатты қорғау шараларына оқушылардың қатысуы арқылы қаржылық сауаттылығының артуына негіз болатын тәрбие жұмыстарын бірлесе отырып атқару туралы ұсыныс жасадық.

Мектеп ұжымына ұсыныс жасау барысында, екі жақты мүмкіндіктер мен жетістіктерге талдау жасалынып, нәтижесінде қоршаған ортаға зиян келтірмейтін экологиялық таза өнімдер өндіруде Micro Green, гидропоника және биогумус шаруашылығын дамыту мақсатында оқу-тәжірибелік алаңдар ашу, вермикомпост тыңайтқыштарын дайындауды үйрену, көшеттер отырғызу, қол жеткізілген жетістіктер туралы тәрбие жұмысының жоспары, семинар, конференция, оқушылардың StartUp жобаларға қатысуы туралы

шеберлік сағаттар, дәріс оқу және жас экологтардың жыл бойы атқарған жұмыстары туралы көрмелер ұйымдастыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Жоспарлаған жұмыстарымыздың өзектілігі мен маңыздылығына көз жеткізуде орта буын және жоғары сынып оқушылары арасында экологиялық тәрбие тақырыптарына байланысты өз ойлары, көзқарастары және табиғатты қорғау шараларына жеке қосқан үлестері туралы сұрақ-жауап әдістері бойынша мағлұматтар алынды. Эксперимент 2-кезең бойынша жүргізілді. Оған 51 оқушы (26- жоғары сынып 25-орта буын) қатысты. 1-кезеңде біздер оқушыларға алдын ала тапсырма немесе ақпарат берместен, сұрақтарымызды дайындықсыз ұсындық. Ондағы мақсат, оқушылардың жалпы экология тақырыбы бойынша жалпы түсініктері мен мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарындағы барысы мен жетістіктері туралы болды. Осылайша, ондағы мәліметтер мынадай кесте (Кесте 1) түрінде белгіленді.

Кесте 1- Сұрақ-жауап нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері (1-кезең)

№	Сұрақтар	Орта буын оқушыларының нәтижелері	Жоғары сынып оқушыларының нәтижелері	Ұсыныс	Бейтарап
1	Экологиялық тәрбиенің маңызы	13,5%	17,4%	2,3%	1,3%
2	Табиғатты қорғауға жеке үлес қосу	12,7%	14,8%	3,1%	0,7%
3	Экологиялық таза өнім пайдасы	12,6%	13,5%	3,9%	0,4%
4	Оқушылардың қаржы сауаттылығының пайдасы	8,5%	9,3%	0,7%	2,3%

Қарап отырғанымыздай, мектептің орналасу ерекшеліктері мен оны қоршаған ортадағы әлеуметтік-экономикалық, климаттық-географиялық, оқу-тәрбиелік артықшылықтар экспериментке қатысқан респонденттердің экологиялық тәрбие туралы ақпараттарының жеткілікті деңгейде екенін байқатты. Демек, оқушылардың жаратылыстану және басқа пәндерден алған білімдерін күнделікті тұрмыста қолдана білуі туралы гипотезалық тұжырымның, пайыздық көрсеткіштерге шаққандағы айырмашылықтары – біздің айтар теориялық ойларымызбен қатар келгенінен деп тұспалдаймыз. 1-кезеңдегі қол жеткізілген сұрақ-жауап нәтижелеріндегі орташа есеп бойынша орта буын оқушыларының 11,2%, жоғары сынып оқушыларының 14,3% пайыздық деңгейде болуы, көтеріліп отырған тақырыбымыз туралы еш дайындықсыз формада қол жеткізген мағлұматтар екенін жеткіземіз.

Келесі 2-кезеңде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ғалымдары қатысуымен дайындалған эксперименттік жұмыстардың бағыты басқаша сипатта өрбіді. Университет ғалымдары арнайы дайындаған материалдар бойынша ең алдымен О.Жандосов атындағы мектеп базасында аудандық масштабта ғылыми-әдістемелік семинар жұмыстарын ұйымдастырды. Семинар барысында тек қана оқушылар ғана емес, сонымен қатар ата-аналар, үлгі-тірек мектептер өкілдері, педагогикалық ұжым, әкімшілік, ауылшаруашылы саласындағы мамандар мен органикалық қалдықтарды және басқа экологиялық таза өнім өндірумен айналысатын кооперативтер мамандары, бизнес қауымдастық өкілдерінің аталмыш жиынға белсенді қатысуы шарт етілді.

Ұйымдастырылған іс-шараның теориялық ақпарат, әдістемелік кеңес ретінде сипат алмай оқушылар мен педагог-тәлімгерлерге табиғатты қорғау мен сақтауда маңызы зор экологиялық өнім дайындауды мақсат еткен (QazAGO, Qazverm ұйымдары) жергілікті кәсіпкерлер дайындаған өнімдерді дайындау, өңдеу, өндіру барысындағы нақты тәжірибелер ұсынылды. Нәтижесінде, жинақталған тәжірибелер төменде көрсетілген (Кесте 2) мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Кесте 2- Сұрақ-жауап нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері (2-кезең)

№	Сұрақтар	Орта буын оқушыларының нәтижелері	Жоғары сынып оқушыларының нәтижелері	Ұсыныс	Бейтарап
1	Экологиялық тәрбиенің маңызы	25,5%	32,4%	5,3%	0,3%
2	Табиғатты қорғауға жеке үлес қосу	23,7%	38,8%	4,1%	0,5%
3	Экологиялық таза өнім пайдасы	24,6%	33,5%	4,9%	0,3%
4	Оқушылардың қаржы сауаттылығының пайдасы	10,5%	12,3%	0,7%	2,3%

Кестеде көрсетілген пайыздық көрсеткіштердің артуына мынадай бағыттар бойынша ұсынылған ақпараттар мен пайдалы кеңестер оң әсерін тигізді:

- Табиғатты қорғау мен сақтау барысында атқарылып жатқан Қазақстандық және шет елдік инновациялық технологиялар;
- БҰҰ және оған мүше мемлекеттер тарапынан Жер бетіндегі экология және тұрақты даму Стратегиясы;
- Қоршаған ортаға зиян келтірмейтін жасыл технология талаптарына негізделген StartUP жобалар;

- Мектеп және білім беру мекемелері (балабақша, мектеп, колледж, университет) жанынан, Micro Green, жылыжайлар, гидропоника, биогумус немесе вермикомпост санатындағы органикалық қалдықтарды өңдеу арқылы тыңайтқыштар дайындауда оқу-тәжірибелік алаңдар ашу;

- Балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымдары арқылы мектеп және қосымша білім беру орталықтарында экологиялық топтар, клубтар, волонтерлер, жас вермитехнологтар және басқа ұйымдардың ата-аналар мен педагогтармен бірлесе отырып жұмыс атқаруы;

Түйіндей айтқанда, бүгінгі мектеп практикасына оқушы, мұғалім, ата-ана және ғалымдардың алдын ала жүйелі түрде жоспарланған, нақты мақсатқа негізделген тақырып аясында үздіксіз тәлім-тәрбие жұмыстары сауатты жолға қойылған жағдайда, кез келген эксперимент нәтижелері барлық талаптарға толықтай сәйкестендіріледі деп тұжырымдаймыз.

Қорытынды

Жер бетіндегі климаттың жылынуы табиғи ортадағы тепе-теңдік балансын сақтауға бағытталған оңтайлы жағдайға көшу стратегиясын адамзат перзентінің таңдауына беріп отыр. Осыған орай қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін экологиялық таза өнімдер өндіру мен энергия көздерін дамытуға арналған шаралар мектеп табалдырығынан басталуы дұрыс шешім болмақ. Көздеген мақсатқа жетудің басты жолы жас ұрпақтың қоршаған ортаға зиян келтірмейтін органикалық қалдықтарды өңдеу арқылы еңбекке тартылуы бір жағынан педагогикалық маңызды шара болса, екінші жағынан жас өскіннің ерте жастан бастап қаржы сауаттылығы мәдениетінің қалыптасатынына негіз болады деп айтуымызға болады.

Мектеп оқушыларының қаржы сауаттылығын арттыруды басты арналарына халықаралық масштабтағы жасыл технология мен энергияны дамытуға арналған бірлескен жобалар, БҰҰ және әлем жұртшылығы қолдап отырған жаһандық климаттық жылыну туралы білім философиясын қалыптастыру, жергілікті және аймақтық деңгейдегі табиғатқа зиян шектірмейтін органикалық қалдықтарды өңдеу еңбегі арқылы кәсіби бағыттағы қаржы сауаттылығы туралы білім мен тәжірибе құндылықтарын меңгеру, сондай-ақ аталған міндет-мақсаттарды бұқара халық игіліген айналдыруда білім шаңырақтарындағы оқу-тәрбие жұмыстарына заманауи талаптар негізінде корректировкалар жасау жұмыстарын өрбіту қажет деп топшылаймыз.

Жастардың оқу-тәрбие үрдісі барысында қаржы сауаттылығын арттыру мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерге жасалған шолуымыз, жас ұрпаққа ерте жастан бастап адам еңбегін бағалауға, экологиялық сана-сезімінің қалыптасуына, қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін жасыл технология (Green technology) және жасыл энергия (Green energy) талаптарына сәйкес келетін озық білім құндылықтарын білуге және оны қолдана алуына мүмкіндік туғызатын, сондай органикалық қалдықтарды өңдеуде қаржы-экономикалық білім оқу бағдарламалары арқылы жеке сауаттылығын арттыру, білім мекемелерін көгалдандыру мен дәнді дақылдарды өсіру агропарктерін, жылыжайлар ашу, UNESCO және “ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы №2 (77) 2025

оған мүше мемлекеттер заңдарында жаһандық климаттық жылынудың алдын алуға арналған шараларға мектеп оқушылары мен оқу орындары студенттерінің белсенді тартылуын қамтамасыз ететін шараларды ұйымдастыру стратегиялық маңыз бар дүние екенін атап өтуге болады.

Біздің назарымызға іліккен отандық және шет елдік зерттеушілер еңбектерін саралай келе мектеп, колледж, университет жағдайында жас ұрпақтың қаржылық сауаттылығын арттыруға арналған арнайы оқу бағдарламаларының болуы шарт деп бағалаймыз. Мектеп оқушыларының қоғамға пайдалы еңбек әрекеті арқылы жасыл технология талаптарына сай өнім өндіру тәсілдерін ерте жастан үйренуіне, олар жоспарлаған жұмыстарына ғалымдар мен ұстаздар, ата-аналар мен мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар тарапынан нақты қолдауға ие болуына тиісті жағдай туғызылғаны қаржы сауаттылығы туралы білік, дағдыларының қалыптасуына орнықты жағдайды келтіретініне сеніміміз мол.

Қол жеткізілген зерттеу нәтижелері төмендегідей тұжырым жасауға негіз болды:

1. Әлемдегі экологиялық проблемалардың алдын алуға бағытталған халықаралық һәм аймақтық іш-шаралардың болашақ ұрпақ игілігіне айналдыруға үлес қосуда білім мекемелері жанынан қоршаған ортаға зиян келтірмейтін оқу-тәжірибелік орталықтар жұмыстарын жандандыру.

2. Мектеп оқушылары мен оқу орындары студенттерінің қаржы сауаттылығын арттыру ісінде мектеп жанынан органикалық қалдықтардың өңдеу еңбегі арқылы жас ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің педагогикалық шарттарын белгілеу.

3. Жастардың қоғамға пайдалы еңбек ету жағдайында органикалық қалдықтарды өңдеу (вермикомпост, биогумус) үрдісінде қаржылық сауаттылығын арттыруда педагогикалық ұжым, ғылыми және академиялық қауымдастық, ата-аналар, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, қаржы-экономикалық мекемелер, агрошаруашылық саласындағы бизнес құрылымдары өкілдерімен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру.

4. Білім мекемелеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарында жас ұрпақты ерте жастан бастап органикалық қалдықтарды өңдеу еңбегіне тарту мен баулуда қаржы сауаттылығын арттыруға арналған кіріктірілген оқу-практикалық бағдарламалар дайындау.

5. Қол жеткізілген тәжірибелер негізінде, жергілікті жерлердегі оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған оқу-тәжірибелік алаңдар ашуда тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру..

Ұсынылып отырған ғылыми мақала Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті КеАҚ Басқара Төрағасы-Ректор атынан ұйымдастырылған гранттық жобалар (Бұйрық №05-04/329, 14.05.2024) шартына сай жарияланды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Brau J. C., Holmes A. L., Israelsen C. L. Financial literacy among college students //Journal of Financial Education. – 2019. – Т. 45. – №. 2. – С. 179-205.

[2] Amagir A. et al. A review of financial-literacy education programs for children and adolescents //Citizenship, Social and Economics Education. – 2018. – Т. 17. – №. 1. – С. 56-80.

[3] Becchetti L, Pisani F (2012) Financial education on secondary school students: The randomized experiment revisited. AICCON Working Papers 98. - Access mode: URL: http://www.aiccon.it/file/convdoc/wp_98.pdf [Date of access: 19.11.2024]

[4] Williams P., Morton J. K., Christian B. J. Enhancing financial literacy in children 5–12 years old using authentic learning within a school market garden programme //Education 3-13. – 2022. – Т. 50. – №. 3. – С. 361-374.

[5] Beery, M., R. Adatia, O. Segantin, and C. Skaer. “School Food Gardens: Fertile Ground for Education.” Health Education. – 2014. - 114 (4): 281–292.

[6] Cramer, S. E., A. L. Ball, and M. K. Hendrickson. Our School System is Trying to be Agrarian”: Educating for Reskilling and Food System Transformation in the Rural School Garden.” Agriculture and Human. – 2016. - Values 36: 507–519.

[7] Gill, A., and R. Bhattacharya. “The Effects of a Financial Literacy Intervention on the Financial and Economic Knowledge of High School Students.” // Economic Education. – 2019. - 50 (3): 215–229.

[8] Yerkisheva Z., Nazarova K. Ақпараттық технология құралдарымен оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру //А. Âsauî atyndaǵy Halyqaralyq qazaq-türk universitetiniñ habarşysy. – 2020. – №. 115. – С. 169-180.

[9] Мүкүшев, Б.А, Сарбасова Қ.А, Есекешова М.Д, Мукушев А.Б, Турдина А.Б. Жоғары оқу орындары студенттерінің қаржылық сауаттылығын дамыту. – 2020. Кіру режимі: URI: <http://dspace.enu.kz/handle/data/17892> [Қаралған күні: 19.11.2024]

[10] Новожилова Н. В. Финансовая грамотность школьников // Народное образование. – 2018. – №. 1-2 (1466). – С. 88-96.

[11] Нуркенова Г.К, Гелишли Ю, Мамерханова Ж.М. Кәсіптік бағдар жұмысы жағдайында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру. Журнал «Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана», серия «Педагогические науки». – 2024. - Том 72. - № 1.

[12] Rudd, J. R., Woods, C., Correia, V., Seifert, L., & Davids, K. An ecological dynamics conceptualisation of physical ‘education’: Where we have been and where we could go next. //Physical Education and Sport Pedagogy. – 2021. - 26(3). - 293–306.

[13] Колесова О. В. Повышение финансовой грамотности школьников в рамках профориентационной работы //ББК 74.480 Н52. – 2022. – С. 106.

[14] Курсабаев М.К, Сайдахметов Б.С, Мадиекова М.Ж. Мектеп оқушыларына органикалық тыңайтқыштарды өңдеу еңбегінде ұлттық тәрбие берудің педагогикалық мүмкіндіктері. Сборник международной научно-практической конференции посвященной 114-летию со дня рождения академика Т.Т.Тажимаева, в рамках 90-летию Казахского национального университета имени Аль-Фараби. Алматы, 2024. – 2166 с

[15] Курсабаев М.К, Сайдахметов Б.С, Сержанұлы Б. Мектептегі “ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ” сериясы №2 (77) 2025

еңбек тәрбиесі үрдісінде оқушылардың экологиялық санасын дамытудың педагогикалық проблемалары. //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2024. - 84, 4. - 349–357.

REFERENCES

[1] Brau J. C., Holmes A. L., Israelsen C. L. Financial literacy among college students //Journal of Financial Education. – 2019. – Т. 45. – №. 2. – С. 179-205.

[2] Amagir A. et al. A review of financial-literacy education programs for children and adolescents //Citizenship, Social and Economics Education. – 2018. – Т. 17. – №. 1. – С. 56-80.

[3] Becchetti L, Pisani F (2012) Financial education on secondary school students: The randomized experiment revisited. AICCON Working Papers 98. - Access mode: URL: http://www.aiccon.it/file/convdoc/wp_98.pdf [Date of access: 19.11.2024]

[4] Williams P., Morton J. K., Christian B. J. Enhancing financial literacy in children 5–12 years old using authentic learning within a school market garden programme //Education 3-13. – 2022. – Т. 50. – №. 3. – С. 361-374.

[5] Beery, M., R. Adatia, O. Segantin, and C. Skaer. “School Food Gardens: Fertile Ground for Education.” Health Education. – 2014. - 114 (4): 281–292.

[6] Cramer, S. E., A. L. Ball, and M. K. Hendrickson. Our School System is Trying to be Agrarian”: Educating for Reskilling and Food System Transformation in the Rural School Garden.” Agriculture and Human. – 2016. - Values 36: 507–519.

[7] Gill, A., and R. Bhattacharya. “The Effects of a Financial Literacy Intervention on the Financial and Economic Knowledge of High School Students.” // Economic Education. – 2019. - 50 (3): 215–229.

[8] Yerkisheva Z., Nazarova K. Aqparattyq tehnologia quraldarymen oqushylardyn qarjylyq sauattylygyn qalyptastyru (Building financial literacy in students using information technology tools)//A. Âsauï atyndaғы Halyқаралық қазақ-түрік universitetiniң habarşysy. – 2020. – №. 115. – Page. 169-180. [in Kaz]

[9] Nukushev B.A, Sarbasova K.A, Esekeshova M.D, Mukushev A.B, Turdina A.B. Jogary oqu oryndary studentterinin qarjylyq sauattylygyn damytu (Developing financial literacy among university students). – 2020. - Кіру режимі: <http://dspace.enu.kz/handle/data/17892>. [Қаралған күні 19.11.2024] [in Kaz]

[10] Novozhilova N.V. Finansovaya gramotnost shkolnikov (Financial literacy of schoolchildren) //Narodnoe obrazovanie. – 2018. – №. 1-2 (1466). – Page. 88-96. [in Rus]

[11] Nurkenova G.K, Gelishli Y, Mamerkhanova Zh,V. Kasiptik bagdar zhumysy jagdaiynda oqushylardyn ozin-ozı anyqtauyn qalyptastyry (Formation of students’ professional self-determination in the context of career guidance work). //«Bulletin. Series: Pedagogical Sciences», Joint Stock Company «KazUIR&WL named after Ablai Khan», – 2024. - Том 72. - № 1. [in Kaz]

[12] Rudd, J. R., Woods, C., Correia, V., Seifert, L., & Davids, K. An ecological dynamics conceptualisation of physical ‘education’: Where we have been and where we could go next. //Physical Education and Sport Pedagogy. – 2021. - 26(3). - 293–306.

[13] Kolesova O.V. Povyshenie finansovoi gramotnosti shkolnikov v ramkah proforientatsionnoi raboty (Improving financial literacy of schoolchildren within the framework of career guidance work) //BBK 74.480 H52. – 2022. – Page. 106.

[14] Kursabayev M.K, Saidakhmetov B.S, Madibekova M.Zh. Mektep oqushylaryna organikalыq tynaitqyshtardy ondeu enbeginde ulttyq tarbie berudin pedagogikalыq mumkindikteri (Pedagogical opportunities for providing national education to schoolchildren in the process of operating organic fertilizers). Sbornik mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensii posviyashennoi 114-letiiy so dniya rozhdeniya akademika T.T.Tazhibayeva v ramkah 90-letiiy Kazakhskogo nasionalnogo universiteta imeni Al-Farabi. Almaty, 2024. – 2166 b. [in Kaz]

[15] Kursabayev M.K, Saidakhmetov B.S, Serzhanuka B. Mekteptegi enbek tarbiesi urdisinde oqushylardyn ekologiyalyq sanasyn damytudyn pedagogikalыq problemalary (Pedagogical problems of developing students' environmental awareness in the process of labor education at school). Bulletin of Abai KazNPU. series of Pedagogical Sciences. – 2024. - 84, 4. - 349–357. [in Kaz]

ОСОБЕННОСТИ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ПО ПОВЫШЕНИЮ ФИНАНСОВОЙ ГРАМОТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ В ПРОЦЕССЕ ПРИРОДООХРАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

***Курсабаев М.К.¹, Сайдахметов Б.С.², Сержанулы Б.³**

***^{1,2,3}Казакский национальный педагогический университет имени
Абая, Алматы, Казахстан**

Аннотация. В данной статье рассматривается одно из значимых мероприятий, направленных на предотвращение природных катаклизмов, возникающих в последние годы в результате глобального климатического потепления, – проведение воспитательной работы, основанной на достижениях экологически безопасной «Зеленой технологии» (Green Technology). Создание на учебно-практических площадках школ малых хозяйственных объектов (клумбы, теплицы, переработка органических отходов, технологии Micro Green и вермикомпостирования, посадка саженцев, производство биогумуса) служит основой для формирования финансовой грамотности у подрастающего поколения с раннего возраста.

Основной задачей исследования является выявление особенностей воспитательной работы в общеобразовательных учреждениях, направленной на привлечение детей к искусству овладения финансовой грамотностью в условиях глобальной цифровой трансформации и искусственного интеллекта, на основе заранее спланированных программ и передовых достижений в системе образования. Это рассматривается как путь к рациональному использованию природных и земельных ресурсов, начиная со школьной скамьи.

В рамках использования государственных и авторских программ по организации воспитательной работы в нашей стране, современные

школьники активно применяют полученные знания в области естественных наук и других дисциплин в учебно-воспитательных процессах, в деятельности детских и молодежных общественных организаций, в системах самоуправления и лидерских социальных групп, в ресурсах инклюзивного образования, в партнерстве с родительским сообществом, предпринимательскими ассоциациями, финансово-инвестиционными учреждениями, а также на учебно-практических площадках при образовательных учреждениях. Обеспечение условий для получения дополнительного образования в области финансовой грамотности становится важной составляющей данной тематики.

Следовательно, систематическое планирование воспитательной работы с привлечением школьников к охране и сохранению окружающей среды станет педагогическим решением для достижения поставленной цели по повышению их финансовой грамотности.

Ключевые слова: воспитательные технологии, финансовая грамотность школьников, зеленая экономика, органические отходы, предпринимательские сообщества, экологическое воспитание, учебно-практические площадки, агробиологический парк, гарбология

SPECIFICS OF EDUCATIONAL EFFORTS TO IMPROVE FINANCIAL LITERACY OF SCHOOLCHILDREN THROUGH ENVIRONMENTAL ACTIVITIES

*Kursabayev M.K.¹, Saidakhmetov B.S.², Serzhanuly B.³

*^{1,2,3} Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article explores one of the key initiatives aimed at preventing natural disasters that have emerged in recent years due to global climate change — the implementation of educational activities based on the achievements of environmentally safe “Green Technology.” The establishment of small-scale farming facilities on school-based educational and practical platforms (flower beds, greenhouses, organic waste processing, Microgreen and vermicomposting technologies, planting seedlings, production of biohumus) serves as a foundation for developing financial literacy among the younger generation from an early age.

The main objective of the research is to identify the specific features of educational work in general education institutions, aimed at engaging children in mastering the art of financial literacy in the context of global digital transformation and artificial intelligence, based on pre-planned programs and advanced developments in the educational system. This is viewed as a pathway toward the rational use of natural and land resources, starting from the school level.

As part of the implementation of both state and author-developed programs for organizing educational work in the country, modern schoolchildren are actively applying their knowledge in natural sciences and other subjects in the context of educational and extracurricular activities, in the work of children’s and youth public organizations, student self-governance and leadership groups, inclusive education resources, and in collaboration with parent associations, entrepreneurial

communities, financial and investment institutions, as well as educational and practical platforms associated with schools. Creating opportunities for additional education in the area of financial literacy becomes a vital aspect of this topic.

Thus, systematic planning of educational activities involving students in the protection and preservation of the environment becomes a pedagogical solution for achieving the goal of enhancing their financial literacy.

Key words: educational technologies, financial literacy of schoolchildren, green economy, organic waste, entrepreneurial communities, environmental education, educational and practical platforms, agrobiological park, garbology

Авторлар туралы мәлімет:

Курсабаев Мухамедрахим Кадырбаевич – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: kursabaev1961@gmail.com , <https://orcid.org/0000-0002-3795-4970>

Сайдахметов Бауыржан Сейтбекович – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: baur1964@mail.ru, 0000-0003 2757-5923

Сержанулы Биржан – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: b.serjano@mail.ru, 0000-0001-8532-7288

Сведения об авторах:

Курсабаев Мухамедрахим Кадырбаевич – кандидат педагогических наук, и.о. ассоциированного профессора, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: kursabaev1961@gmail.com , <https://orcid.org/0000-0002-3795-4970>

Сайдахметов Бауыржан Сейтбекович – кандидат педагогических наук, и.о. ассоциированного профессора, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: baur1964@mail.ru, 0000-0003 2757-5923

Сержанулы Биржан – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: b.serjano@mail.ru, 0000-0001-8532-7288

Information about authors:

Kursabayev Mukhamedrakhim – Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, kursabaev1961@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-3795-4970>

Saidakhmetov Baurzhan – Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, baur1964@mail.ru, 0000-0003 2757-5923

Serzhanuly Birzhan – Doctoral student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, b.serjano@mail.ru, 0000-0001-8532-7288

Мақала түсті: 10 қыркүйек 2024